

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Жайсаң жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық
кеңесінің
№2 хаттамасы**

01-қазан 2024 ж.
ауылы

Жайсаң

Қатысқандар саны - 20 адам
Шақырылғандар: 11 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІ

1.«Жайсаң жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры М.А Зулкаковтың мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Ж.А. Капетов- қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Жайсаң жалпы орта білім беретін мектебінде 2024жылдың 31 тамызынан – 30 қыркүйек аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры М.А Зулкаковқа берді.

СӨЙЛЕУШІ:

М.А.Зулкаков өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы»№ 486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес №6 Хромтау гимназиясының кезектен тыс өткізілген №5 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 31 тамызынан – 30 қыркүйек аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «**жақсы**» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді) Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес

пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарактандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «**жақсы**» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді).


Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ж.А.Капетов мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, «Мектепте соңғы үлгідегі сенсорлық такталардың және спорттық жабдықтар жоқтығын сөзге тиек етті», сонымен қатар магистрлер санын арттыру керек екенін ескертті.


Мектеп директоры М.А.Зулкаков қойылған ескертулер бойынша Ж.А.Капетовке қазіргі таңда 2024 жылдың бюджеті бойынша 1- тақта алынды, ал 2025 жылдың бюджет жоспарында 1-сондай тақта жоспарланып отырғанын айтты.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып


ШЕШІМ ЕТТІ:


1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. Жайсаң жалпы орта білім беретін мектебінің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.


Кеңес төрағасы:  Ж.А. Капетов

Хатшы:  К.К. Кузембаева .

Кеңес мүшелері:  Ж.К. Узакбаева

 А.О. Хасенова

 К.А. Омаров

 А. Осовицкая